

«Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» кітап көрмесі

2017 жылдың 27 қараша күні с. С. Торайғыров ат. облыстық кітапханада 1-желтоқсан ҚР Тұңғыш Президент күніне орай «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты кітап көрмесі ашылды.

Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалаған Нұрсұлтан Әбішұлы халқы қолдап, әлемдік қауымдастық мойындаған ғаламдық бастамалардың бастаушысы, отандастарымыздың құқықтары мен бостандықтарының кепілі, елімізді кемел болашаққа жетелейтін игі істердің қолдаушысы. Оқырмандар назарына салиқалы саясаткер, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың даналығы мен даралығын дәріптейтін әдебиеттер ұсынылды. Іс-шараға Елбасының қабылдауында болып, жүздесу бақытына ие болғандар Павлодар облысының Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар бірлестігінің үйлестіру кеңесінің төрағасы, облыстық маслихат депутаты Э. Паули, музыкалық колледждің студенті А. Лодочников, ПМПИ студенті Д. Тәжібаев қатысты.

ҚР ҚМ әскери-техникалық мектебінің сарбаздары, облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернатының оқушылары, оқырмандар көрме қонақтары болды.